**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 сәуірдегі N 412 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Жоба

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2001 ж. 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; 2005 жылғы сәуірдегі "Егемен Қазақстан" және 2005 жылғы сәуірдегі "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектерді әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы ):

1) 563-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"563-бап. Жерді пайдалану мен қорғауды жүзеге асыратын органдар

Жерді пайдалану мен қорғауды жүзеге асыратын органдар осы Кодекстің 118, 119, 121, 250-254, 256-258-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті органдардың басшылары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға құқылы.";

2) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"(облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары (342, 343, 345-352-баптар);".

2. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2001 ж. 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжаттар; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 133, 139-құжаттар; N 21-22, 160-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; N 14, 82-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 142-құжат; N 24, 153-құжат):

462-баптың бірінші бөлігіндегі "жасаған есептерден" деген сөздер "бекіткен базалық ставкалардан" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 13, 99-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 2-баптағы "мемлекеттік органдар" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 8-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жерді аймақтарға бөлуді республикалық маңызы бар қала, астана, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) деңгейінде ұйымдастыруды республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) тиісті атқарушы органдары жүзеге асырады. Жерді аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың тиісті өкілді органдары бекітеді.

Жердің нысаналы мақсатының жіктемесі жерлерді аймақтарға бөлу жобаларының (схемаларының) негізінде әзірленеді және оны республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) атқарушы органдары бекітеді.";

3-тармақ алып тасталсын;

4-тармақтағы "осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген тәртіппен бекітіледі," деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақтағы "жергілікті бюджет қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 9-бапта:

3-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "жергілікті атқарушы органның" деген сөздер "жер учаскелерін беру жөніндегі құзыреті шегінде облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының жер учаскесін заттай грант ретінде беру туралы шешімі олардың жер учаскелерін беру жөніндегі құзыреті шегінде инвестициялар саласындағы уәкілетті органның шешімі негізінде қабылданады.";

4) 10-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Нақты жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының жер учаскелерін беру жөніндегі құзыреті шегінде облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органы мемлекеттің жеке меншікке өтеулі негізде беретін жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына сәйкес оған түзету (арттыратын немесе кемітетін) коэффициенттерін қолдана отырып белгілейді және жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын айқындау актісімен ресімдейді.";

5) 11-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Түзету коэффициенттері мен аймақтардың шекаралары аудандық маңызы бар қалаларда, кенттер мен селолық елді мекендерде - ауданның жергілікті атқарушы органының ұсынысы бойынша аудандық өкілді органның, ал облыстық маңызы бар қалаларда (республикалық маңызы бар қалада, астанада) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының ұсынысы бойынша облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) өкілді органының шешімімен бекітіледі.";

6) 12-бапта:

34) тармақшадағы "жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдардың" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

35) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"35) жергілікті атқарушы органдардың шешімдері - облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың)

жергілікті атқарушы органдарының жер учаскесіне құқық беру туралы құқықтық актілері";

мынадай мазмұндағы 40) және 41) тармақшалармен толықтырылсын:

"40) жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті орган - жер қатынастары саласындағы облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі - республикалық маңызы бар қаланың) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органы);

41) жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық өкілетті орган - жер қатынастары саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі - орталық уәкілетті орган).";

7) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құзыреті

Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құзыретіне:

1) жер заңнамасын қолдану және оны жетілдіру тәжірибесін жинақтау;

2) жер қатынастарын реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізу;

3) мемлекеттік жер кадастры мен жер мониторингін жүргізудің дұрыстығын бақылауды жүзеге асыру;

4) жерге орналастыру және мемлекеттік жер кадастры жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді бекіту;

5) жерді пайдалану және қорғау мәселелеріне қатысты қозғайтын республикалық бағдарламаларға, схемаларға және жобаларға сараптама жүргізу;

6) орталық және жергілікті атқарушы органдармен жер қатынастарын реттеу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;

7) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері паспортының нысанын бекіту;

8) жер-кадастрлық құжаттаманың құрылымын, құрамын, мазмұнын және нысандарын белгілеу;

9) жер мониторингін жүргізуді ұйымдастыру;

10) Қазақстан Республикасының мемлекеттік жер кадастрын жүргізуді ұйымдастыру және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жер баланстарының мәліметтері негізінде Қазақстан Республикасының жер балансын жасау;

11) өз құзыретіне кіретін жер учаскелерін беру және алып қою, жерлерді бір санаттан екінші санатқа ауыстыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімдерінің жобаларын дайындау жатады.";

8) мынадай мазмұндағы 14-1-баппен толықтырылсын:

"14-1-бап. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) уәкілетті органдарының құзыреті

1. Облыстың уәкілетті органының құзыретіне:

1) жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

2) анықталған жер заңнамасын бұзушылықтарды жою жөнінде орындалуы міндетті нұсқамалар беру;

3) Қазақстан Республикасының жер заңнамасы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау;

4) облыстың жергілікті атқарушы органының жер қойнауын пайдалану, магистральды құбырлар тарту, мұнай және газ өңдеу объектілерін салу мақсатында жер учаскелерін беру және алып қою, соның ішінде сатып алу арқылы алып қою жөніндегі ұсыныстары мен шешімдер жобаларын дайындау;

5) облыстың жергілікті атқарушы органының мемлекеттік ғылыми-зерттеу, оқу және басқа да ауыл шаруашылығы ғылыми ұйымдары мен олардың тәжірибе шаруашылықтарына, сондай-ақ мемлекеттік тұқым өсіру шаруашылықтары мен асыл тұқымды мал зауыттарына жер учаскелерін беру жөніндегі ұсыныстарын дайындау;

6) аумақта ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру үшін жерді резервтеу жөніндегі ұсыныстарды дайындау;

7) мемлекет жеке меншікке сататын немесе жер пайдалануға беретін нақты жер учаскелерінің бағалау құнын анықтау, оларды облыстың жергілікті атқарушы органдарына беру кезінде жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау;

8) облыстың жергілікті атқарушы органдарының жер учаскелерін беру кезінде жерге орналастыруды жүргізуді ұйымдастыру және жер учаскелерін қалыптастыру бойынша жерге орналастыру жобаларын бекіту;

9) жерді аймақтарға бөлу жобаларын және республикалық маңызы бар қала мен астананың жерлерін ұтымды пайдалану жөніндегі бағдарламаларды (жобаларды, схемаларды) әзірлеуді ұйымдастыру;

10) облыстық жер кадастрын ұйымдастыру және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) деректемелерінің негізінде облыстың жер балансын құру;

11) жерге орналастыру жұмыстарының өндірісін лицензиялау;

12) осы Кодекстің 71-бабына сәйкес республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының іздестіру жұмыстарын өткізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беруі бойынша ұсыныстар дайындау;

13) ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөнінде ұсыныстар дайындау жатады.

2. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың және оның әкімшілік

бағынысына берілген аумақтың уәкілетті органының құзыретіне:
1) жерге орналастыру жұмыстарының өндірісін лицензиялау;
2) осы Кодекстің 71-бабына сәйкес республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының іздестіру жұмыстарын өткізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беруі бойынша ұсыныстар дайындау;
3) ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөнінде ұсыныстар дайындау;
4) қала шекарасының (шегі) шебінде және оның әкімшілік бағыныстылығына берілген аумақта ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру үшін жерлерді резервтеу жөнінде ұсыныстар дайындау;
5) жер кадастрын жүргізуді ұйымдастыру және республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер балансын жасау.
3. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың), ауданның, қала (шебінде) шекарасы және оның әкімшілік бағынысына берілген аумақ шегінде уәкілетті органының құзыретіне:
1) жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
2) Қазақстан Республикасының жер заңнамасы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау;
3) пайдаланылмай жатқан жерді және Қазақстан Республикасының заңдарын бұза отырып пайдаланылып жүрген жерді анықтау;
4) анықталған жер заңнамасын бұзушылықтарды жою жөнінде орындалуы міндетті нұсқамалар беру;
5) сот органдарына пайдаланылмай жатқан жерді не Қазақстан Республикасының заңдарын бұза отырып пайдаланылып жүрген жер учаскелерін алып қою туралы шағым дайындау;
6) иесіз жер учаскелерін есепке алу;
7) республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының жер учаскелерін беру және олардың нысаналы пайдалануының өзгеруі жөнінде ұсыныстар дайындау;
8) мемлекеттік қажеттер үшін жер учаскелерін алып қою жөнінде ұсыныстар дайындау;
9) жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау;
10) мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскелерінің бағалау құнын айқындау;
11) жерге орналастыруды жүргізуді ұйымдастыру және жер учаскелерін қалыптастыру бойынша жерге орналастыру жобаларын бекітуді ұйымдастыру;
12) жерді аймақтарға бөлу жобаларын және республикалық маңызы бар қала мен астананың жерлерін ұтымды пайдалану жөніндегі бағдарламаларды (жобаларды,

схемаларды) әзірлеуді ұйымдастыру;

13) елді мекендер аумағының жер-шаруашылық орналастыру жоспарларын әзірлеуді ұйымдастыру;

14) жер сауда-саттығын (аукциондар, конкурстар) жүргізуін ұйымдастыру;

15) жерді пайдалану мен қорғау мәселелерін қозғайтын қалалық, аудандық бағдарламалардың, схемалар мен жобалардың сараптамасын жүргізу;

16) республикалық маңызы бар қаланың, астананың және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жер балансын жасау;

17) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларды, сондай-ақ жер құқық қатынастарының басқа да субъектілерін есепке алуды жүргізу;

18) жер кадастрын жүргізуді ұйымдастыру және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жер балансын жасау;

19) жер учаскелеріне кадастрлық нөмірлер беру;

20) жер учаскесіне құқықты куәландыратын құжаттар беру;

21) жер учаскесінің бар немесе жоқтығы туралы анықтамалар беру;

22) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің паспорттарын беру;

23) сауда-саттық шарты мен жалдау немесе жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану шартын жасасу;

24) осы Кодекстің 71-бабына сәйкес республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының іздестіру жұмыстарын өткізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беруі бойынша ұсыныстар дайындау;

25) ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөнінде ұсыныстар дайындау.";

9) 15-баптың 1-тармағының 3) және 6) тармақшалары алып тасталсын;

10) 16-бапта:

1-тармақта:

5) тармақшадағы ", оқу және басқа да ауыл шаруашылығы ғылыми" деген сөздер алып тасталсын;

11) тармақша алып тасталсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 4) және 5) тармақшалармен толықтырылсын:

"4) республикалық маңызы бар қаланың, астананың жерін аймақтарға бөлуді ұйымдастыру және жерді аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) республикалық маңызы бар қаланың, астананың өкілетті органдарына бекітуге ұсыну;

5) жерді аймақтарға бөлу жобалары (схемалары) негізінде жерлердің нысаналы мақсатының жіктемесін бекіту.";

11) 17-бапта:

7) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

"8) ауданның жерін аймақтарға бөлуді ұйымдастыру және жерді аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) ауданның өкілетті органына бекітуге ұсыну;
9) жерді аймақтарға бөлу жобалары (схемалары) негізінде жерлердің нысаналы мақсатының жіктемесін бекіту.";

12) 18-бапта:

7) тармақша алып тасталсын;

мынадай 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

"8) облыстық маңызы бар қаланың жерін аймақтарға бөлуді ұйымдастыру және жерді аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) облыстық маңызы бар қаланың өкілетті органына бекітуге ұсыну;
9) жерлерді аймақтарға бөлудің жобалары (схемалары) негізінде жерлердің нысаналы мақсатының жіктемесін бекіту.";

13) 19-баптың 3) тармақшасы алып тасталсын;

14) 32-бапта:

2-тармақтағы "атқарушы органның" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Жергілікті атқарушы орган" деген сөздер "Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 37-баптың 3-тармағының бірінші бөлігіндегі және 38-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі "басқару жөніндегі аумақтық органға" деген сөздер "жер учаскесі орналасқан жердегі облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органына" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 43-бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасындағы "жергілікті атқарушы органның" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

бірінші бөліктегі "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "жер ресурстарын басқару, сәулет және қала құрылысы аумақтық органдар" деген сөздер "уәкілетті сәулет және қала құрылысы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші бөлігіндегі "жергілікті атқарушы органға" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "Жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдар атқарушы органның тапсырмасы бойынша" деген сөздер "Жер учаскесі орналасқан жердегі облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "жергілікті атқарушы органның" деген сөздер "облыстың ( республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың бірінші бөлігіндегі "Жергілікті атқарушы органның" деген сөздер " Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының" деген сөздермен ауыстырылсын ;

7-тармақтың екінші бөлігіндегі "жергілікті атқарушы орган" деген сөздер " облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтың екінші бөлігіндегі "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "жер учаскелерін беру жөніндегі құзыреті шегінде облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "Жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдар" деген сөздер "Жер учаскесі орналасқан жердегі мемлекеттік кәсіпорындар" деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақ алып тасталсын;

17) 44-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөліктегі "жергілікті атқарушы органның" деген сөздер "облыстың ( республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдар (елді мекендерде сәулет және қала құрылысы органдарымен бірлесе отырып)" деген сөздер " облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктегі "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "жер учаскелерін беру жөніндегі құзыреті шегінде облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары " деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың екінші бөлігіндегі "нақтыланады; берілетін жер учаскесінің бөлінетіндігі және бөлінбейтіндігі, сондай-ақ ауыртпалықтары мен сервитуттары анықталады" деген сөздер ", сондай-ақ ауыртпалықтары мен сервитуттары нақтыланады" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдар (елді мекендерде сәулет және қала құрылысы органдарымен бірлесе отырып)" деген сөздер " жер учаскелері орналасқан жердегі облыстың (республикалық маңызы бар қаланың), астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың бірінші абзацындағы "жергілікті атқарушы орган" деген сөздер " облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы "жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық орган" деген сөздер "облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 45-бапта:

1-тармақтағы "жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық орган" деген сөздер " облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органы" деген сөздермен ауыстырылсын; "атқарушы органның тапсырмасы бойынша" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақтағы "туралы" деген сөзден кейін "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың)" деген сөздермен толықтырылсын; "орган" деген сөз "органы" деген сөзбен ауыстырылсын;

19) 47-бапта:

2-тармақтағы және 3-тармақтың бірінші бөлігіндегі "жергілікті атқарушы органға" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның ( облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың үшінші және бесінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер учаскесі орналасқан жердегі облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органы жер учаскесін кадастрлық құжаттама бойынша сәйкестендіреді, жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын белгілейді және жер учаскесіне жеке меншік құқығын табыстау туралы шешімнің жобасын дайындайды.";

"Жер учаскесі орналасқан жердегі облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органы сатып алушымен жер учаскесін сатып алу-сату шартын жасасады және қол қояды.";

20) 69-баптың 6-тармағындағы "жергілікті" деген сөз алып тасталсын;

21) 71-баптың 3-тармағындағы "жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органмен" деген сөздер "жер учаскесі орналасқан жердегі облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 79-баптың 6-тармағы алып тасталсын;

23) 94-бапта:

1-тармақтағы "жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органның" деген сөздер "жер учаскесі орналасқан жердегі облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың екінші бөлігіндегі "жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық орган" деген сөздер "жер учаскесі орналасқан жердегі облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 97-баптың 7-тармағында:

бірінші бөліктегі "республикалық бюджет қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер учаскесінің паспортын жасау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды және оны беруді жер учаскесі орналасқан жердегі облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органдары жүзеге асырады.";

25) 98-бапта:

3-тармақтағы "жергілікті бюджет қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

7 және 8-тармақтардағы "жер ресурстарын басқару жөніндегі аудандық органға" және "Жер ресурстарын басқару жөніндегі аудандық орган" деген сөздер "аудандық уәкілетті органына" және "Облыстың уәкілетті органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақта:

бірінші абзацтағы "жер ресурстарын басқару жөніндегі облыстық аумақтық орган" деген сөздер "облыстың уәкілетті органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "жер ресурстарын басқару жөніндегі аудандық аумақтық орган" деген сөздер "ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық" деген сөздер алып тасталсын;

26) 99-баптың 2-тармағындағы "жер ресурстарын, ауыл және су шаруашылықтарын басқару жөніндегі аумақтық органдардың ұсынысы бойынша жергілікті атқарушы орган" деген сөздер "облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 103-баптың 5-тармағындағы "жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық орган" деген сөздер "жер учаскесі орналасқан жердегі облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

28) 105-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі "республикалық" деген сөз алып тасталсын;

29) 106-баптың 7-тармағындағы "жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органның" деген сөздер "жер учаскесі орналасқан жердегі облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 131-баптың 1-тармағындағы "республикалық" деген сөз алып тасталсын;

31) 145-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды облыстың ( республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органдары жүзеге асырады.";

32) 146-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

2-тармақта:

бірінші және екінші бөліктер алып тасталсын;

үшінші бөліктегі "Жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдардың" деген сөздер "Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның ( облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

33) 150-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жерге орналастыру облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) атқарушы органдарының шешімі бойынша не жер учаскелерінің мүдделі меншік иелері мен жер пайдаланушылардың өтінімі бойынша жүргізіледі.";

екінші бөліктегі "жер ресурстарын басқару жөніндегі тиісті аумақтық" деген сөздер "тиісті жергілікті атқарушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта:

1) тармақша алып тасталсын;

2) тармақшадағы "жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдармен" деген сөздер "жер учаскесі орналасқан жердегі облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "жер ресурстарын басқару жөніндегі тиісті аумақтық орган" деген

сөздер "жер учаскесі орналасқан жердегі облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

34) 152-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның ( облыстық маңызы бар қаланың) жер кадастрын жүргізуді ұйымдастыруды облыстың ( республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органдары жүзеге асырады.";

3-тармақ алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін түзу топографиялық-геодезиялық, аэроғарыштық, картографиялық, жерге орналастыру, түгендеу бойынша, топырақты зерттеу, геоботаникалық бағалаушылық және өзге де зерттеулер мен іздестірулер, жер мониторингі бойынша жұмыстар, жерді сандық және сапалық есепке алу жүргізумен, нақты жер учаскесіне жер-кадастр ісін жасаумен, жер-кадастр карталары мен жер учаскесіне құқықты растайтын құжат дайындаумен қамтамасыз етіледі.";

35) 153-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"153-бап. Мемлекеттік жер кадастрын ұстау

Мемлекеттік жер кадастры:

1) жердің саны мен сапасын есепке алу;

2) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларды, сондай-ақ жер құқықтық қатынастардың басқа да субъектілерін есепке алу;

3) мемлекеттік тіркеу мақсаттары үшін жер учаскелерін есепке алу;

4) жер кадастры картасын жүргізу;

5) жер кадастр кітабын және жердің бірыңғай мемлекеттік тізілімін жүргізу.";

36) 155-баптың 3-тармағындағы "жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдар" деген сөздер "жер учаскесі орналасқан жердегі облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

37) 158-бапта:

4-тармақ алып тасталсын;

5-тармақтағы ", мемлекеттік кәсіпорындар" деген сөздер алып тасталсын;

38) 159-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

Жер мониторингі мемлекеттік монополия болып табылады және оны мамандандырылған мемлекеттік кәсіпорындар жүргізеді, оларға қатысты уәкілетті орган басқару органы болып табылады.";

39) 162-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

40) 163-баптың 1 және 2-тармақтарындағы "республикалық бюджет қаражаты", " тиісті жергілікті бюджет қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

41) 170-баптың 2-тармағының үшінші бөлігіндегі "жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдардың" деген сөздер "ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Қазақстан Республикасының 2003 ж. 9 шілдедегі Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 17, 141-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 39-бап мынадай мазмұндағы 11), 12), 13) тармақшалармен толықтырылсын:

11) арнайы су пайдалануды лицензиялайды;

12) ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне су беру және ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын ерекше маңызды топтық сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтер құнын субсидиялау жөніндегі іс-шараларды іске асырады;

13) су пайдаланушылар арасында су пайдалану лимиттерін бөледі;

2) 76-баптың 1-тармағындағы "су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 82-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Су пайдалану лимиттерін уәкілетті орган жылдың сулылығын, су объектілерінің экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық жай-күйін ескере отырып, жыл сайын нақтылайды және олардан асыра алмайды.

Барлық су пайдаланушылар мәлімдеген су алу және (немесе) су ағызу қажеттіліктерінің негізінде лимиттерді олар үшін айлар бойынша бөлуді облыстың ( республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.".

5. Қазақстан Республикасының 2004 ж. 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 8-9, 53-құжат; N 20, 11-құжат; N 23 , 140, 142-құжаттар):

1) 48-бапта:

2-тармақтың 1) тармақшасының тоғызыншы абзацы алып тасталсын;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) жер учаскелерін жалдау құқығын сату үшін төлем.";

2) 49-бапта:

2-тармақтың 1) тармақшасының сегізінші абзацы алып тасталсын;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) жер учаскелерін жалдау құқығын сату үшін төлем.";

3) 50-баптың 1-тармағында:

8) тармақшаның алтыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші абзацтары алып тасталсын;

10) тармақшаның екінші абзацы "жолдарын" деген сөзден кейін ", сондай-ақ онда жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын" деген сөздермен толықтырылсын;

11) тармақшаның жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"республикалық деңгейде бәсекелестікті қорғау және табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу;";

4) 51-баптың 1-тармағында:

5) тармақшаның үшінші абзацы "үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедектер балаларды материалдық қамтамасыз етуден басқа" деген сөздермен толықтырылсын;

8) тармақшада:

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес облыстық деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы қатынастарды реттеу;";

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тұқым шаруашылығын, асыл тұқым шаруашылығы мен құс шаруашылығын дамыту;";

мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші абзацтармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес астық өндірушілерге мемлекеттік қолдау көрсету";

"ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне су жеткізіп беру және республикалық меншіктегі ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын ерекше маңызды топтық сумен жабдықтау жүйесінен ауыз су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау;";

он үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"облыстық деңгейде жер қатынастарын реттеу;";

10) тармақшаның үшінші абзацы "жолдарын" деген сөзден кейін ", сондай-ақ онда жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын" деген сөздермен толықтырылсын;

11) тармақшада:

екінші абзац алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес облыстық деңгейде бәсекелестікті қорғау және табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу;";

5) 52-бапта:

1-тармақта:

2) тармақшаның тоғызыншы абзацы алып тасталсын;

8) тармақшада:

мынадай мазмұндағы оныншы абзацпен толықтырылсын:

"республикалық маңызы бар қалада, астанада жер қатынастарын реттеу;";
он бірінші абзацтағы "қаладағы аудандар шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін" деген сөздер алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы он екінші абзацпен толықтырылсын:
"ауыл шаруашылығы мақсаттағы жер учаскелерінің паспорттарын жасау;";
10) тармақшаның үшінші абзацындағы "жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын" деген сөздер "қалалар көшелерін, сондай-ақ онда жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын" деген сөздермен ауыстырылсын;
11) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
"Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес республикалық маңызы бар қаланың деңгейде бәсекелестікті қорғау және табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу;";
4-тармақта:
4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
"4) мектепке дейінгі тәрбие беру мекемелерінің қызметін қамтамасыз ету;";
11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
"мәдениет мекемелерінің қызметін қамтамасыз ету.";
6) 53-бапта:
1-тармақта:
2) тармақшаның төртінші абзацы алып тасталсын;
4) тармақша мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:
"үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету;";
7) тармақшада:
мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:
"өсімдік шаруашылығында міндетті сақтандыруды ұйымдастыру;";
бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
"аудандық (қалалық) деңгейде жер қатынастарын реттеу;";
мынадай мазмұндағы алтыншы және жетінші абзацтармен толықтырылсын:
"жерге орналастыру;";
"ауыл шаруашылығы мақсаттағы жер учаскелерінің паспорттарын жасау;";
8) тармақшаның екінші абзацы "сондай-ақ онда жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын сақтау;";
мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:
"8-1) экономикалық қызметті реттеу;
кәсіпкерлік қызметті қолдау;";
4-тармақта:
4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
"4) мектепке дейінгі тәрбие беру мекемелерінің қызметін қамтамасыз ету;";

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
"13) мәдениет мекемелерінің қызметін қамтамасыз ету.";
мынадай мазмұндағы 16) және 17) тармақшалармен толықтырылсын:
"16) халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету;
17) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек.".

6. "Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы" 1996 ж. 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 273-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат, N 12, 82-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 1-бапта:
жетінші абзацтың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:
"жол - жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдары, мемлекеттік есепке алуға жататын және көлік құралдарының қозғалысына арналған инженерлік құрылыс кешенін қамтитын шаруашылық автомобиль жолдары, қалалар мен елді мекендердің көшелері.";
мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:
"жол жүрісін реттеудің техникалық құралдары - жол белгілері, жол таңбалары, бағдаршамдар (олардың жұмыс бағдарламасын айқындайтын жабдықтарды қоса алғанда), сондай-ақ жол қоршаулары мен бағыттаушы құрылғылар.";

2) 7-бапта:
жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
"жол жүрісі қауіпсіздігін мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;";
сегізінші және оныншы абзацтар алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:
"жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіру;
жол жүрісіне механикалық көлік құралдары мен тіркемелердің жекелеген түрлерін жіберуді жүзеге асыру;
механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін мемлекеттік техникалық байқауды өткізу тәртібі мен мерзімдерін белгілеу;
жол жүрісін реттеу тәртібін айқындау;
автомобиль жолдарын, жол құрылыстарын, темір жол өтпелерін қалалық электр көлігі желілерін пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссиялардың жұмысына қатысу кіреді.";

3) мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:
"7-1-бап. Автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік уәкілетті органның құзыреті
Автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік уәкілетті органның құзыретіне:
халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарындағы жол

қызметін басқару;

халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын салу, қайта жаңарту, жөндеу, енгізу және ұстау жөніндегі жұмыстардың орындалуын қамтамасыз ету кіреді.";

4) 8-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) өкілді және атқарушы органдардың жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы құзыреті";

1-тармақта:

бірінші абзац "аудандардың (қалалардың) жергілікті өкілді органдарының" деген сөздер "облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) өкілді органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "жергілікті" деген сөз "облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) атқарушы органдардың қарауына мыналар жатады:";

екінші және төртінші абзацтар алып тасталсын;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"облыстық және аудандық маңызы бар жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарында, елді мекендердің көшелерінде жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын салу, қайта жаңарту, жөндеу, енгізу және ұстау жөніндегі жұмыстардың орындалуын қамтамасыз ету;";

сегізінші, тоғызыншы абзацтар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"облыстық және аудандық маңызы бар жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарындағы, елді мекендердің көшелеріндегі жол қызметін басқару.";

5) 15-бапта:

4-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген органдар" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын; "мемлекеттік комитеттермен" деген сөздер алып тасталсын;

6-тармақ алып тасталсын;

6) 18-бапта:

2-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген органдар" деген сөздер "техникалық реттеу, стандарттау, сәйкестігін растау және аккредиттеу саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

бірінші бөліктегі "Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген органдар" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің 4) тармақшасы алып тасталсын;

7) 19-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланылатын және уәкілетті органда тіркелген механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелері міндетті мемлекеттік техникалық байқаудан өткізілуге тиіс.";

2-тармақ алып тасталсын;

8) 24-баптың 4-тармағындағы "уәкілдік берілген органдарға," деген сөздер алып тасталсын.

7. "Қоршаған ортаны қорғау туралы" 1997 ж. 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 213-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 13-14, 171-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2004 ж., N 10, 57-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 жылғы 28 сәуірдегі "Егемен Қазақстан" және 2005 жылғы 23 сәуірдегі "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы ):

1) 8-бапта:

4) тармақшадағы "қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемнің есептік ставкаларын айқындайды" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 17) тармақшамен толықтырылсын:

"17) қоршаған ортаны ластағаны үшін базалық төлем ставкаларын бекітеді.";

2) 10-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігіндегі "жасаған есептеулерден" деген сөздер "бекіткен базалық ставкалардан" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17) тармақшалармен толықтырылсын:

"10) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асырады;

11) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен базалық ставкалардан кем болмайтындай етіп негізінде қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем

ставкаларын есептейді;

12) уәкілетті органға қоршаған ортаны қорғау саласындағы инвестициялық жобаларды әзірлейді және ұсынады;

13) Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесі шеңберінде уәкілетті органға табиғи ресурстарды пайдалану жөніндегі ақпаратты ұсынады;

14) жеке және заңды тұлғалардың сұрауы бойынша экологиялық ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етеді;

15) табиғи ресурстарды табиғат пайдалануға беру туралы шешім қабылдайды;

16) уәкілетті органмен және Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау функцияларын жүзеге асыратын өзге де атқарушы органдарымен келісім бойынша, қалдықтарды қоймаға жинауға, жоюға және көмуге шешім береді;

17) санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдарымен және уәкілетті органмен бірлесіп, елді мекендердің күтіп-ұсталуын бақылауды қамтамасыз етеді.";

3) 77-бапта:

1-тармақтағы "және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақтағы "және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының лауазымды адамдарының өз қызметкерлері болып табылатын органдардың құзыреті шегінде" деген сөздер "лауазымды адамдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

бірінші бөлігіндегі "және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" және "өз өкілеттігі шегінде" деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөлігіндегі "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздер "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 77-2-бап алып тасталсын.

8. "Энергия үнемдеу туралы" 1997 ж. 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 343-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

8-баптың 2-тармағында:

екінші абзац "бағдарламасын" деген сөздің алдынан "мемлекеттік" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы жаңа абзацпен толықтырылсын:

"әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде энергия үнемдеу бағдарламасын әзірлейді және іске асырады, олардың орындалуын үйлестіреді;";

үшінші абзац алып тасталсын.

9. "Шаруа (фермер) қожалығы туралы" 1998 ж. 31 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж. , N 2-3, 26-құжат):

1) 4-баптың 1-тармағының мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 5-1-баппен толықтырылсын:

"5-1-бап. Аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары:

1) шаруа (фермер) қожалығын ұйымдастыру үшін өздеріне арнайы жер қорының жерінен және босалқы жерден жер учаскелеріне меншік және (немесе) жер пайдалану құқығы берілуіне мүдделі азаматтардың өтініштерін және оларға қоса берілген жер учаскесіне құқық беру бойынша бөлінетін жер учаскесінің орналасқан жері туралы келісілген материалдарды қарайды;

2) сұралып отырған жер учаскесін аумақтық аймақтарға бөлуге сәйкес мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін айқындайды;

3) жерге орналастыру жобасын және Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органының жер учаскелеріне тиісті құқық беру туралы шешімінің жобасын дайындайды;

4) белгілі бір жердегі жер учаскесінің шекараларын белгілеуді жүргізеді.";

3) 6-баптың 6-тармағы "атқарушы" деген сөздің алдынан "аудандардың ( қалалардың)" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 8-бапта:

1-тармақтағы "аудандық (қалалардағы аудандардан басқа) немесе қалалық атқарушы" деген сөздер "аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4, 5, 6, 7, 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін меншікке немесе жер пайдалануға алуға мүдделі тұлғаның өтініші негізінде аудандардың (қалалардың) жергілікті уәкілетті органы сұратып отырған жер учаскесін аумақтық аймақтарға бөлуге сәйкес мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін айқындайды және жерге орналастыру жобасы мен Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жер учаскелеріне тиісті құқық беру туралы шешімнің жобасын дайындайды.

5. Ауданның (қаланың) атқарушы органының жер учаскесіне құқық беру туралы шешімі тиісті жерге орналастыру жобасы бекітілген күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қабылданып, жер учаскесіне меншік құқығын немесе жер пайдалану құқығын беру туралы шешімнің көшірмесі шешім қабылданған кезден бастап жеті күн

мерзімде өтініш берушіге тапсырылады.

Жер учаскесіне құқық беруден бас тарту ауданның (қаланың) атқарушы органының шешімімен ресімделеді және шешімнің көшірмесі ол қабылданғаннан кейін жеті күн мерзімде өтініш берушіге тапсырылады.

6. Ауданның (қаланың) атқарушы органының жер учаскесіне құқық беру туралы шешімі қабылданғаннан кейін белгілі бір жердегі жер учаскесінің шекараларын белгілеу және жер учаскесіне құқықты куәландыратын тиісті құжаттарды (жер учаскесіне жеке меншік құқығы актісін, уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы актісін, уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығы актісін) беру жүргізіледі.

7. Жер учаскесіне құқықты куәландыратын құжат шаруа (фермер) қожалығына ресімделеді және Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес барлық жеке меншік иелерін (жер пайдаланушыларды) көрсете отырып, шаруа (фермер) қожалығының басшысына беріледі.

8. Шаруа (фермер) қожалығының жер учаскесіне құқығы жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеген күннен бастап пайда болады.";

5) 13-баптың 4-тармағындағы "және медициналық" және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорына," деген сөздер алып тасталсын.

10. "Жосықсыз бәсеке туралы" 1998 ж. 9 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, N 9-10, 84-құжат; 2000 ж., N 21, 397-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 6-бапта:

1-тармақта:

1) тармақшадағы "органның" деген сөзден кейін "және жергілікті атқарушы органның" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшадағы "орган" деген сөзден кейін "мен жергілікті атқарушы орган" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың 1) тармақшасындағы "органның" деген сөзден кейін "және жергілікті атқарушы органның" деген сөздермен толықтырылсын.

11. "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" 1998 ж. 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 16, 220-құжат):

1) 1-бапта:

3) тармақшадағы "асыл тұқымды өнімнің (материалдың) асыл тұқымдық құндылығын анықтау жөнінде қызмет көрсететін жеке және заңды тұлғаларды қоспағанда, асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздер алып тасталсын;

7) және 17) тармақшалардағы "асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы

уәкілетті мемлекеттік" деген сөздер "облыстың жергілікті атқарушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) тармақшадағы "асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік" деген сөздер "облыстың жергілікті атқарушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) тармақшада "асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік" деген сөздер "саладағы жергілікті атқарушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 10-бапта:

6), 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"6) асыл тұқымды мал зауыттардың аттестаттауын жүргізеді;

7) Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңының нормаларын бұзған жағдайда асыл тұқымды мал зауытының қызметін тоқтата тұрады, қайталап бұзылған жағдайда аттестаттан айыру туралы талап қойып сотқа жүгінеді;";

9) тармақшадағы ", олардың нысаналы пайдаланылуын бақылайды" деген сөздер алып тасталсын;

11) тармақшадағы "асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркелімін және" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 14), 15), 16), 17), 18) тармақшалармен толықтырылсын:

"14) асыл тұқымды малдың мемлекеттік кітабы және асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркелімін жүргізу ережесін әзірлейді және бекітеді;

15) экспорттаушы елдердің ресми органдары импортталған асыл тұқымды өнімге ( материалға) берген сәйкестік сертификатын (асыл тұқымдық куәліктің) жарамдығын растауды жүзеге асырады;

16) асыл тұқымды өнімді (материалды) есептеу нысандарын әзірлейді және бекітеді ;

17) асыл тұқымды малдың, соның ішінде шектеулі тектік қоры бар тұқымдардың тектік қорын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған іс-шараларды субсидиялауды жүзеге асырады;

18) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту бағдарламасының шеңберінде ғылыми ұйымдармен бірлесе отырып, малды асылдандырушы орталықтарындағы тұқымдық малдың тұқым және сан құрамын айқындайды.";

3) 10-1-бапта:

тақырыбындағы және бірінші абзацтағы "(республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздер алып тасталсын;

1) тармақшадағы "облыстық (аймақтық)" деген сөздер "аймақтық" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10) тармақшалармен толықтырылсын:

3) аттестат берумен асыл тұқымды мал зауытының, малды асылдандырушы шаруашылықтың, малды асылдандырушы орталық пен дистрибьютерлік орталықтың және малды өз төлінен өсіру жөнінде және асыл тұқымды өнімнің (материалдың) асыл тұқымды құндылығын айқындау жөніндегі қызмет көрсетумен айналысатын жеке және заңды тұлғалардың аттестаттауын жүргізеді, аттестат береді;

4) Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңының нормаларын бұзған жағдайда аттестаттың қызметін тоқтата тұрады, қайталап бұзылған жағдайда аттестаттан айыру туралы талап қойып сотқа жүгінеді;

5) асыл тұқымды малдардың мемлекеттік тізілімін жүргізеді және шығарады;

6) орталық уәкілетті орган белгілеген нормативтер шеңберінде бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын асыл тұқымды өнімнің (материалдың) әрбір түріне субсидияны іске асырады;

7) бекітілген нысандар бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мәліметтерді есепке алуды жүргізеді;

8) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектінің әрбір түрі бойынша және әрбір субъектіге орай субсидиялануға тиісті сатылатын асыл тұқымды өнімнің ( материалдың) жыл сайынғы квотасын аталған мақсаттарға арнап бюджетте көзделген қаражат шегінде белгілейді;

9) бағалау туралы деректерді жинақтап қорытады және жоғары бағалы асыл тұқымды малды тиімді пайдалануды ынталандыру мақсатында оның нәтижелері туралы мүдделі тұлғаларды хабардар етеді;

4) 11-бапта:

5) тармақшадағы "асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік" деген сөздер "жергілікті атқарушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 12-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Асыл тұқымды мал зауыты мәртебесін беру ведомствоаралық сараптама комиссиясының қорытындысы негізінде, ал малды асылдандырушы шаруашылыққа, малды асылдандырушы орталыққа, дистрибьютерлік орталыққа, сондай-ақ малды өз төлінен өсіру бойынша қызмет көрсету жөніндегі жеке және заңды тұлғаларға жергілікті атқарушы органның шешімімен жүргізіледі.";

6) 13-бапта:

төртінші бөліктегі "асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға" деген сөздер "облыстың жергілікті атқарушы органына" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Асыл тұқымды малдың мемлекеттік кітабын және өндірісте пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тіркелімін жүргізуді және басып шығаруды республикалық уәкілетті орган жүзеге асырады.";

7) 21-баптағы "Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік" деген сөздер "Жергілікті атқарушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 22-баптың үшінші бөлігіндегі "есептілікті" деген сөзден кейін "облыстардың жергілікті атқарушы органдарына" деген сөздермен толықтырылсын.

12. "Неке және отбасы туралы" 1998 ж. 17 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж. , N 23, 430-құжат):

1) мәтіндегі "аудандық (қалалық) атқарушы органның", "аудандық (қалалық) атқарушы органнан", "аудандық (қалалық) атқарушы органдар" деген сөздер " республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының", "республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органынан ", "республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бап мынадай мазмұндағы 18) тармақшамен толықтырылсын:

"18) қорғаншы және қамқоршы орган - қорғаншы және қамқоршы жөніндегі міндеттерді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы орган.";

3) 106-бапта:

1-тармақ алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары өздерінің қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі міндеттерін білім берудің жергілікті уәкілетті органдары арқылы жүзеге асырады, ал аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның ), ауылдық (селолық) округтың әкімдері бұл міндеттерді дербес жүзеге асырады.";

4) 164-бап алып тасталсын.

13. "Өсімдіктер карантині туралы" 1999 ж. 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж. , N 2-3, 34-құжат; N 23, 931-құжат; 2002 ж., N 4, 30-құжат; N 15, 121-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 7-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

3) тармақшада "және оларды келіседі" деген сөздер ", бекітеді" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 9-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-1-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті мемлекеттік басқару органдарының құзыреті

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті мемлекеттік басқару органдары:

1) карантинді объектінің есебін жүргізеді және уәкілетті орган мен мүдделілік танытқан тұлғаларға ақпарат ұсынады;

2) халық арасында өсімдіктерді қорғау саласында түсіндіру жұмысын ұйымдастыру мен жүргізу, сондай-ақ зиянды организмдер бойынша фитосанитариялық мониторинг жүргізу жөніндегі әдістемелік көмек көрсету;

3) уәкілетті орган бекіткен әдістемелік құжаттар негізінде мүдделі адамдарға өсімдіктерді қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілер және фитосанитариялық іс-шаралар туралы ақпарат табыс етуді ұйымдастыру мен қамтамасыз ету;

4) темір жол станцияларындағы, теңіз және өзен порттарындағы (пристаньдарындағы) аэропорттардағы, автовокзалдардағы (автостанциялардағы) базарлардағы, почта байланысы ұйымдарындағы және өзге де объектілердегі карантинді аймақтарда осы объектілердің иелері жеке және тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік басқару органдарының карантиндік іс-шаралар өткізуін ұйымдастырады.".

14. "Білім туралы" 1999 ж. 7 маусымдағы N 389 Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 13, 429-құжат; N 23, 927-құжат; 2001 ж., N 13-14, 173-құжат; N 24, 338-құжат; 2004 ж., N 18, 111-құжат; N 23, 142-құжат):

1) 23-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

2) 31-бапта:

3-тармақта:

6) тармақша алып тасталсын;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі жалпы білім беретін және кәсіптік мектептерді және мектепке дейінге білім беру ұйымдарын қоспағанда мемлекеттік білім беру ұйымдарына қолдау көрсетеді және оларды материалдық-техникалық қамтамасыз етуге жәрдемдеседі;

21) тармақшада "Қазақстан" деген сөздің алдынан "мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақта:

3) тармақшадағы "мектеп жасына дейінгі және" деген сөздер алып тасталсын;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі бастауыш кәсіптік және орта кәсіптік білім беретін жалпы және кәсіптік мектептерді, арнайы, мамандандырылған және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда мемлекеттік білім беру ұйымдарына қолдау көрсетеді және оларды материалдық-техникалық қамтамасыз етуге жәрдемдеседі;";

11) тармақшада "Қазақстан" деген сөздің алдынан "мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қаладағы ауданның, облыстық, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі:";

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы 1), 2) тармақшалармен толықтырылсын:

"1) мектеп жасына дейінгі балаларды есепке алуды ұйымдастырады;

2) мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруді қамтамасыз етеді.";

3) 35-1-баптың 2-тармағында "Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы, білім беруді басқарудың" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын; "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

4) 36-баптың 10-тармағының бірінші бөлігінде "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын.

15. "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 21, 771-құжат; 2001 ж., N 10, 122-құжат; 2003 ж., N 24, 175-құжат):

1) 1-баптың 19) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"19) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті орган - бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган).";

2) мынадай мазмұндағы 1-1-тараумен толықтырылсын:

"1-1-тарау. Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік реттеу

4-1-бап. Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік реттеу

1. Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік реттеу теледидар және (немесе) радио тарату хабарларын ұйымдастыру жөніндегі қызметті құқықтық қамтамасыз ету, лицензиялау, Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы заңнаманың сақталуын бақылау арқылы жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шеңберде уәкілетті орган мен басқа да мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

4-2-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және іске асыруды қамтамасыз етеді;

2) Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алуды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

4-3-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) бұқаралық ақпарат құралдары саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруды қамтамасыз етеді;

2) бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алуды жүзеге асырады;

3) жер үстіндегі радио хабарлар тарату құқығын алу үшін конкурстарды өткізу ережесін бекітеді;

4) теледидар және (немесе) радио тарату хабарлары үшін радио жиіліктер номиналын бөлу жөніндегі ашық конкурстарды өткізуді ұйымдастырады;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен теледидар және (немесе) радио хабарларын таратуды ұйымдастыру жөніндегі қызметті лицензиялауын жүргізеді;

6) лицензиардың лицензияда көрсетілген шарттардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лицензияның қолданысын тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық деңгейде мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастырады, орналастырады және жүзеге асыруын үйлестіреді;

8) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алудың бірыңғай тізілімін жүргізеді;

10) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламаларды іске асырады;

11) тарихи немесе мәдени құндылығы бар жазылымдарды сақтау тәртібін айқындайды;

12) журналистерді аккредиттеу ережесін бекітеді;

13) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру тұрғысынан жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіреді;

14) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мәселелер бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіреді.

4-4-бап. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:

1) өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асырады;

2) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алуды жүзеге асырады;

3) арнайы стационарлық үй-жайларды орналастыру тәртібі және онда эротикалық сипаттағы материалдарды жариялайтын мерзімді баспасөз өнімін сату ережесін бекітеді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастырады, орналастырады және оның жүзеге асырылуын бақылайды;

5) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте бұқаралық ақпарат құралдарының Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

6) уәкілетті органға статистикалық деректерді, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу жөніндегі мәліметтерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау жөніндегі мәліметтерді ұсынады.";

3) 10-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

4) 13-баптың 5-тармағындағы және 16-баптың 1-тармағындағы "бұқаралық ақпарат құралдары істері жөніндегі" деген сөздер алып тасталсын;

5) 22-баптың 5-тармағы алып тасталсын.

16. "Астық туралы" 2001 ж. 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 2, 12-құжат; N 15-16, 232-құжат; 2003 ж., N 19-20, 148-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті органның құзыретіне мыналар кіреді:

1) астық рыногы саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруды қамтамсыз ету, оған қатысушылардың қызметін үйлестіру және реттеу;

2) астықты сақтау жөніндегі лицензияланған қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қызметтің осы түрі бойынша біліктілік талаптарын әзірлеу;

3) астық қабылдау кәсіпорындарының астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу, астықты сақтау, астық қолхаттарын беру, олардың айналымы және оларды өтеу жөніндегі ережелерді сақтауын бақылау;

мемлекеттік ресурстар астығы бойынша - уәкілетті органның облыстық аумақтық органдарының басшылары бекіткен мемлекеттік ресурстар астығының сақ болуын тексеру кестелері негізінде тоқсан сайын, сондай-ақ астық рыногы қатысушыларының ресми өтінімдері (шағымдары) болған жағдайда (жасырындыларды қоспағанда);

өзге де иегерлер астығы бойынша - астық рыногы қатысушыларының ресми өтінімдері (шағымдары) болған жағдайда (жасырындыларды қоспағанда);

4) Қазақстан Республикасының астық туралы заңдарын бұзу туралы нұсқамаларды беру, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау;

5) астық рыногының мониторингін жүзеге асыру, оған жататындар:
облыстардың жергілікті атқарушы органдарының және мемлекеттік астық ресурстарын басқару жөніндегі агенттің мәліметтері негізінде, уәкілетті орган бекіткен үлгілерге сәйкес Қазақстан Республикасы бойынша мониторинг мәліметтерін талдау мен әр он күндік сайын мәліметтерді Қазақстан Республикасының Үкіметіне және әр ай сайын - Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне беру;

6) астық сапасын мемлекеттік бақылау, оған жататындар:
астық қабылдау кәсіпорнына қабылдау және астық рыногы қатысушыларының ресми өтінімдері (шағымдары) болған жағдайда (жасырындыларды қоспағанда) түсіру кезінде астықтың сапасы көрсеткіштерін айқындауды бақылау;

астықтың сандық-сапалық жай-күйін бақылау, оның ішінде:
мемлекеттік ресурстар астығы бойынша - уәкілетті органның облыстық аумақтық органдарының басшылары бекіткен мемлекеттік ресурстар астығының сақ болуын тексеру кестелері негізінде тоқсан сайын, сондай-ақ астық рыногы қатысушыларының ресми өтінімдері (шағымдары) болған жағдайда (жасырындыларды қоспағанда);

өзге де иегерлер астығы бойынша - астық рыногы қатысушыларының ресми өтінімдері (шағымдары) болған жағдайда (жасырындыларды қоспағанда);

7) уәкілетті орган бекіткен астықтың сапасына сараптама жасау және астықтың сапасына сертификат беру тәртібін және Техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесі талаптарын сақтау тұрғысына, техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органмен және оның аумақтық бөлімшелерімен бірлесе отырып астықтың сапасына сараптама жасау жөніндегі аккредиттелген зертханалардың қызметін бақылау - жыл сайын техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган бекіткен кестелер негізінде, сондай-ақ астық рыногы қатысушыларының ресми өтінімдері (шағымдары) болған жағдайда (жасырындыларды қоспағанда);

8) осы Заңның 28-бабының 2-тармағында көзделген негіздер болған жағдайда астық қабылдау кәсіпорнынан астықты көліктің кез келген түрімен тиеп-жөнелтуге тыйым салу;

9) ауыл шаруашылық техникасының және жабдықтарының лизингін ұйымдастыру, селекция және тұқым шаруашылығын, дәнді дақылдарды өсіру, топырақ құнарлылығын сақтау, өсімдіктерді қорғау мен олардың карантинінің технологиясын дамыту жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу;

10) техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша астықтың сапасына сараптама жасау және астықтың сапасына сертификат беру тәртібіне талаптар әзірлеу;

11) астықтың (тұқымның) сапасы бойынша стандарттарды, техникалық жағдайларды жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды, басқа да нормативтік құжаттарды енгізу;

12) астықтың сандық-сапалық есепке алынуы, сақталуы жөніндегі; астық

қолхаттарын беру, олардың айналымы және оларды өтеу; астық рыногының мониторингін жүргізу; астық қабылдайтын кәсіпорынның уақытша басқаруын жүргізу жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді; астық қабылдау кәсіпорындары есеп беруінің үлгі нысандарын, мемлекеттік астық инспекторы туралы ережені әзірлеу және бекіту;

13) астық өндірушілерді қорғау жөнінде демпингке қарсы шаралар әзірлеу;

14) астық қолхаты жазылатын бланкілерге қойылатын талаптарды, оларды шығару, сатып алу, сақтау, айналымы, өтеу және жою тәртібін, сондай-ақ астық қолхаттарының үлгісіне қойылатын талаптарды белгілеу;

15) астық сақтау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу және астықтың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтау тұрғысынан астық қолхаттары тізілімінің мәліметтеріне сәйкес астық қабылдау кәсіпорындарының қызметін инспекциялау (тексеру);

16) астықты сақтау, сандық-сапалық есепке алу мәселелері жөніндегі, сондай-ақ астық қолхаттарын беру, олардың айналымы және оларды өтеу жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің бұзылғаны байқалған, астық қабылдау кәсіпорындарының лауазымды адамдарының сол астық қабылдау кәсіпорны берген астық қолхаттарын ұстаушылардың мүдделеріне қатер төндіруі мүмкін заңсыз әрекеттері немесе әрекетсіздігі анықталған жағдайда астық қабылдау кәсіпорнына жауапкершілік түрлерін қолдану;

17) астық қабылдау кәсіпорнына уақытша басқаруды енгізу, сондай-ақ уақытша басқарудың мерзімінен бұрын аяқталуы туралы шешім қабылдау;

18) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын өкілеттіктің шегінде мемлекеттік астық ресурстарын басқаруды бақылау;

19) астықтың мемлекеттік ресурстарын тиеуді және тасымалдауды (араластыруды) бақылау.";

2) мынадай мазмұндағы 6-1 және 6-2-баптармен толықтырылсын:

"6-1-бап. Облыстың жергілікті атқарушы органының құзыреті

Облыстың жергілікті атқарушы органының құзыретіне мыналар кіреді:

1) селекция және тұқым шаруашылығын, дәнді дақылдарды өсіру технологиясын дамыту, топырақтардың өнімділігін қалпына келтіру жөніндегі бағдарламаларды іске асыру;

2) астықты сақтау жөніндегі қызметті лицензиялау:

астықты қабылдау кәсіпорнын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен біліктілік талаптарына сай келу тұрғысынан лицензиялау алдындағы тексеру;

астықты қабылдау кәсіпорнының біліктілік талаптарына сай келуі туралы анықтама беру;

уәкілетті орган бекіткен астық қабылдау кәсіпорындарында астықты сақтау жөніндегі қызметті лицензиялаудың ережесінде белгіленген тізбеге сәйкес өтініш

берушіден құжаттар қабылдау;

астықты сақтау жөніндегі қызметті лицензиялау жөніндегі үнемі қызмет ететін комиссия құру;

комиссияның құжаттарды қарауы, бас (мерзімсіз) лицензия беру туралы шешім қабылдау;

бас (мерзімсіз) лицензияны рәсімдеу және беру;

3) уәкілетті орган бекітетін ережеге сәйкес астық рыногының мониторингін жүзеге асыру, оған жататындар:

астық рыногына қатысушылардағы астықтың қалдығын еске ала отырып, олардың қолда бар астық және оның қозғалысы туралы ақпараттарын әр онкүндік сайын уәкілетті орган және статистика жөніндегі уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша құрастыру арқылы мониторинг мәліметтерін жинау;

астық қабылдау кәсіпорындарында жергілікті атқарушы органның жазбаша сұрауы бойынша астық қабылдау кәсіпорындарының уәкілетті орган және статистика жөніндегі уәкілетті орган бекіткен үлгідегі ақпараттарды тапсыруы арқылы мониторинг мәліметтерін жинау;

әр облыс бойынша мониторинг мәліметтерін жасауды және әр онкүндік сайын уәкілетті органға ақпарат беру;

"Қазақстан темір жолы" АҚ аумақтық бөлімшелерінен - темір жол бойынша артылған астық мөлшері жөнінде, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелерінен дәнді дақылдардың экспорты бойынша, аккредиттелген ұйымдардан - астықтың сапасын сертификациялық сынау жөнінде, мемлекеттік астық ресурстарын басқару жөніндегі агенттен - астықтың мемлекеттік ресурстарының мөлшері, сапасы және қозғалысы жөнінде ақысыз келісім-шарт негізінде алынатын мәліметтер негізінде мониторинг мәліметтерін жинау және талдау;

4) астықтың (тұқымның) сапасы бойынша стандарттарды, техникалық жағдайларды жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды, басқа да нормативтік құжаттарды енгізеді;

5) табиғи-климаттық жағдайларды және рынок конъюнктурасын ескере отырып, астық өндіру құрылымын оңтайландыру, астықты өндіру, сақтау мен сату технологиясын жетілдіру;

6) астықты өндіру мен сақтаудың жаңа озық технологияларын енгізу;

7) астық қолхаттарының тиімді айналысы үшін жағдай жасау;

8) бюджеттік бағдарламаларға сәйкес отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге минералдық тыңайтқыштар мен жанар-жағар май материалдарының құнын арзандатуды жүзеге асыру;

9) ішкі рыноктың мұнай өнімдеріне деген қажеттерін дер кезінде қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қолдану;

10) өңірлерде астық өндірушілерге сертификаттық қызмет көрсету жөнінде

бәсекелестік орта құру үшін шаралар қолдану;

11) астық қабылдау кәсіпорындарын бақылау, оған:

астықты қабылдау кәсіпорындарын біліктілік талаптарына сай келу және жаңа егіннің астығын қабылдауға дайындығы тұрғысынан уәкілетті орган бекіткен, астық қабылдау кәсіпорындарында астықты сақтау жөніндегі қызметті лицензиялаудың ережесі негізіндегі белгіленген тізбеге сәйкес лицензиялаудан кейінгі жыл сайынғы зерттеу;

уәкілетті орган бекіткен, астық қабылдау кәсіпорындарында астықты сақтау жөніндегі қызметті лицензиялаудың ережесі негізінде бекітілген кестелерге сәйкес астықты қабылдау кәсіпорындарын лицензиядан кейінгі жыл сайынғы зерттеу және жаңа егіннің астығын қабылдауға дайындығы;

астықты қабылдау кәсіпорындарын зерттеу актілерін рәсімдеу және оларды уәкілетті органға табыс ету жатады;

12) осы Заңның 27-бабында белгіленген негіздер бойынша астықты сақтау жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған лицензияны заңнамада белгіленген тәртіппен қайтып алу;

13) уақытша басқару астық жөніндегі қолхат міндеттемесін орындау қабілеттілігін қалпына келтірмеген жағдайда, заңнамада белгіленген тәртіппен лицензияны қайтып алу және астықты қабылдау кәсіпорындарын жою;

14) осы Заңның 26-бабында белгіленген негіздемелер бойынша астық сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның қолданылуын тұтас алғанда немесе жекелеген операцияларды жүзеге асыру бөлігінде алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұру.

6-2-бап. Мемлекеттік астық ресурстарын басқару жөніндегі агенттің функциялары

Мемлекеттік астық ресурстарын басқару жөніндегі агенттіктің құзыреті:

1) отандық ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінен мемлекеттік астық ресурстарына астықты нарықтық бағамен сатып алуды жүзеге асырады;

2) мемлекеттік астық ресурстарын сақтау үшін белгіленген тәртіппен астық қабылдау кәсіпорнын таңдайды;

3) отандық ауыл шаруашылық тауар өндірушілеріне мемлекеттік тұқым ресурстарынан және жемдік астықтың мемлекеттік ресурстарынан тұқымдық және жемдік астықтық несие береді.";

3) 10-баптың 12) тармақшасы алып тасталсын;

4) 13-баптың 3-тармағының бірінші абзацындағы "Уәкілетті органның тиісті" деген сөздер "Тиісті" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 17-баптың бірінші абзацындағы "уәкілетті орган" деген сөздер алып тасталсын; "реттеуді" деген сөз "реттеу" деген сөзбен ауыстырылсын; 3) тармақшасындағы "жүзеге асырады" деген сөздер "жүзеге асырылады" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 24-1-бапта:

2-тармақта:

2) тармақшадағы "кедергісіз" деген сөздер алып тасталсын;

3) және 5) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Уәкілетті органның мемлекеттік астық инспекторы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) астық қабылдау кәсіпорындарында астық сапасын анықтауды бақылау;

2) астықтың сандық-сапалық жай-күйін, оның ішінде мемлекеттік ресурстарының астығын бақылау;

3) бас лицензияларды растау үшін астықты қабылдау кәсіпорындарын біліктілік талаптарына сәйкес келу тұрғысынан жыл сайынғы зерттеу жүргізуге қатысады, жаңа егіннің астығын қабылдауға дайындығы актілерін сапалы рәсімдеуді және уәкілетті органның облыстық аумақтық органына уақтылы беруді қамтамасыз етеді;

4) астық сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның қолданылуын тоқтата тұру және (немесе) қайтарып алу туралы облыстың жергілікті атқарушы органына ұсыныстар енгізеді;

5) астық қабылдау кәсіпорнында уақытша басқаруды енгізу жөнінде ұсыныс енгізеді;

6) астық сапасын сараптау жөніндегі аккредиттелген зертханалардың қызметін бақылауды жүзеге асырады;

7) астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару жөніндегі комиссия құрамына қосу үшін кандидатураларды ұсыну жөнінде ескертуді астық қолхаттарын ұстаушыларға жібереді;

8) Қазақстан Республикасының астық туралы заңын бұзу тәркіленген жағдайда, уәкілетті орган белгілеген нұсқа бойынша астық қабылдау кәсіпорындарына нұсқама береді;

9) уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасайды және астық қабылдау кәсіпорындарына, олардың лауазымды адамдарына Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасын бұзғаны үшін айыппұл салу және оны Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес өндіріп алу туралы ұсыныстар енгізеді.";

7) 25-бапта:

1-тармақтағы "уәкілетті" деген сөз "жергілікті атқарушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша алып тасталсын;

2-тармақтағы "уәкілетті" деген сөз "жергілікті атқарушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 30-баптың 1-тармағында "астық қабылдау" деген сөздің алдынан "облыстың жергілікті атқарушы органының," деген сөздермен толықтырылсын;

9) 33-баптың 3-тармағындағы "қайтарып алады" деген сөздер "қайтарып алу туралы ұсыныс енгізеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 39-бапта:

3-тармағының 1) тармақшасындағы "уәкілетті" деген сөздер "жергілікті атқарушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтағы "уәкілетті органға" деген сөздер "және облыстың жергілікті атқарушы органына" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақтағы "уәкілетті органға" деген сөздер "және облыстың жергілікті атқарушы органына" деген сөздермен ауыстырылсын.

17. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 ж. 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 17-құжат):

1) мәтіндегі "орталық атқарушы органдарының аумақтық бөлімшелерінің", " орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесі", "орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесінің" деген сөздер "орталық мемлекеттік органдарының аумақтық бөлімшелерінің", "орталық мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі", "орталық мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-баптың 11) тармақшасында "атқарушы" деген сөз "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 6-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы өңірлік бағдарламаларды бекіту; ";

4) 27-баптың 1-тармағында:

4) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес су қатынастарын реттеуді жүзеге асырады;";

16) тармақшадағы "және іске асырады" деген сөздер алып тасталсын;

19-1) тармақшада:

"лимитін" деген сөзден кейін "және нормативтерін" деген сөзбен толықтырылсын;

"бекіткен" деген сөз өзгеріссіз қалдырылсын;

22) тармақшада "лимитін" деген сөзден кейін "және нормативтерін" деген сөзбен толықтырылсын;

22-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"22-2) Салық кодексіне сәйкес біржолғы талондар беру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы белгілеген тәртіппен оларды сатудан алған соммалардың

толық жиналуын қамтамасыз етеді.";

1-тармағының 22-3) тармақшасы "жүзеге асырады," деген сөздерден кейін " мемлекеттік аттестацияны өткізеді;" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ өзгеріссіз қалдырылсын;

5) 29-баптың 2-тармағы өзгеріссіз қалдырылсын;

6) 30-баптың 3-тармағындағы екінші сөйлем алып тасталсын;

7) 31-бапта:

1-тармақта:

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жер қатынастарын реттеуді жүзеге асырады;";

13) тармақшадағы "асыруға қатысады" деген сөздер "іске асыруды ұйымдастырады" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) халықты әлеуметтік қорғау, ана мен баланы қорғау мәселелерін шешеді, халықтың әлеуметтік жағынан дәрменсіз топтарына қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіреді;";

20) тармақшасында "органмен" деген сөзден кейін "және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін нормативтерін" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ өзгеріссіз қалдырылсын;

8) 33-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасындағы "және облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның аумақтық бөлімшесінің" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақ өзгеріссіз қалдырылсын;

9) 35-бапта:

1-тармақтың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"12) табысы аз адамдарды анықтайды, еңбекпен қамтуды қамтамасыз етеді, халықтың әлеуметтік жағынан дәрменсіз топтарына атаулы әлеуметтік көмек көрсетуі жөнінде ұсыныс енгізеді, жалғызілікті қарттарға және еңбекке жарамсыз азаматтарға үйінде қызмет көрсетуді ұйымдастырады;";

1-тармақтың 18) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"18) мектепке дейінгі ұйымдарды, мәдениет мекемелерін ұстауды қамтамасыз етеді; ";

2-тармақ өзгеріссіз қалдырылсын.

18. "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 ж. 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж. , N 3, 18-құжат):

1) мәтіндегі "уәкілетті" деген сөздердің алдынан "жергілікті", "Жергілікті" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 1-бапта:

7) тармақшадағы "жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдардың" деген сөздер "жергілікті уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) тармақшадағы "делдалдығы -" деген сөзден кейін "жергілікті" деген сөзбен толықтырылсын;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі" деген сөздер алып тасталсын;

"халықты жұмыспен қамту саласындағы жергілікті атқарушы орган - халықты жұмыспен қамту мен өңірлік деңгейдегі жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшесі, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты (бұдан әрі - жергілікті уәкілетті орган)";

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"17) халықты жұмыспен қамту саласындағы орталық уәкілетті орган - халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган (бұдан әрі - орталық уәкілетті орган);";

3) 4-баптың 2-тармағының 12) тармақшасындағы "және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға" деген сөздер алып тасталсын;

4) 5-баптың 2-тармағының үшінші бөлігі "Жергілікті" деген сөздің алдынан " республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың)" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 2-тараудың тақырыбы алып тасталсын;

6) мынадай мазмұндағы 5-1-баппен толықтырылсын:

"5-1-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және іске асыруды қамтамасыз етеді;

2) шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны белгілейді;

3) квотаны айқындау, жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру шарттары мен тәртібін айқындайды;

4) шетелдік жұмыс күшін тартумен және Қазақстан Республикасынан шетелге жұмыс күшін шығарумен байланысты қызметке лицензия беру шарттары мен тәртібін айқындайды;

5) халықты жұмыспен қамту бағдарламаларын бекітеді;

6) кәсіби даярлық, біліктілікті арттыру және жұмыссыздарды қайта даярлау тәртібін белгілейді;

7) қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру тәртібін айқындайды.";

7) 6-бапта:

тақырыбындағы "атқарушы" деген сөз "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақ алып тасталсын;

2-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

2. "Орталық уәкілетті орган:";

1) тармақшадағы "жүзеге асыруға" деген сөздер "жүзеге асырады" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1) тармақшамен толықтырылсын:

"1) халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруды қамтамасыз етеді;";

1) тармақша 1-1) тармақша болып есептелсін;

2) тармақшадағы "талдауға, болжауға" және "хабарлап отыруға" деген сөздер " талдайды, болжайды" және "хабарлап отырады" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "әзірлеуге" деген сөз "әзірлейді" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "қарауға қатысуға" деген сөздер "қарайды" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы "беруге, оны тоқтата тұруға және кері қайтарып алуға" деген сөздер "береді, оны тоқтата тұрады және кері қайтарып алады" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақшадағы "Астана және Алматы қалалары" және "бөлуге" деген сөздер тиісінше "республикалық маңызы бар қала, астана" және "бөледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) және 8) тармақшадағы "анықтауға" және "қалыптастыруға міндетті." деген сөздер тиісінше "анықтайды" және "қалыптастырады;" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 9), 10) тармақшалармен толықтырылсын:

"9) дербес есеп карточкасының (компьютерлік дерекқор) нысанын бекітеді;

10) жұмыспен қамту саласындағы ақпараттық технологияларды, ақпаратты өңдеу жүйелерін енгізеді;";

8) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Жергілікті атқарушы органдар

1. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары халықты жұмыспен қамту саясатын іске асыруды:

1) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесетін аймақтық бағдарламалар әзірлеу;

2) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін орталық атқарушы орган бөлген квота шегінде шетелдік жұмыс күшін тартуға

рұқсаттар беру, сондай-ақ аталған рұқсаттарды тоқтата тұру және кері қайтарып алу арқылы қамтамасыз етеді.

2. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары халықты жұмыспен қамту саясатын іске асыруды:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағында тұратын нысаналы топтарды және оларды қорғау жөніндегі әлеуметтік шараларды жыл сайын анықтап отыру;

2) жеке кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамыту арқылы қосымша жұмыс орындарын ашуды қолдау;

3) жұмыссыз азаматтарды әлеуметтік қорғау;

4) қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етеді.";

9) 8-бапта:

тақырыбы және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Жергілікті уәкілетті органның құзыреті

1. Жергілікті уәкілетті орган";

1-тармақта:

тармақтың мәтініндегі "хабарлап отыруға", "жәрдемдесуге", "беруге", "түзуге", "тіркеуге", "қоюға", "көрсетуге", "жұмыстарға жіберуге", "оқуға жіберуге", "анықтама беруге", "талдауға, болжауға", "хабарлауға", "іске асыруға міндетті" деген сөздер тиісінше "хабарлап отырады", "жәрдемдеседі", "береді", "түзеді", "тіркейді", "қояды", "көрсетеді", "жұмыстарға жібереді", "оқуға жібереді", "анықтама береді", "талдайды, болжайды", "хабарлайды", "іске асырады" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1) тармақшамен толықтырылсын:

"1) халықты жұмыспен қамту саласында мемлекеттік саясатты іске асырады;";

1) тармақша 1-1) тармақша болып есептелсін;

9) тармақшада "жергілікті" деген сөзден кейін "атқарушы" деген сөзбен толықтырылсын; "атқарушы" деген сөз "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақта:

бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Функцияларды жүзеге асырған кезде жергілікті уәкілетті органның:";

2) тармақшадағы "жергілікті атқарушы органдарға" деген сөздер "республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 11-бапта:

2-тармақтағы "атқарушы" және "Астана және Алматы қалалары" деген сөздер тиісінше "уәкілетті" және "республикалық маңызы бар қала, астана" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-1-тармақта:

"Жергілікті" деген сөз "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың,

астананың) жергілікті" деген сөздермен ауыстырылсын;
"атқарушы" деген сөз "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;
11) 12-баптың 2-тармағындағы "республикалық және жергілікті бюджет қаражаттары" деген сөздер "бюджет қаражаттары" деген сөздермен ауыстырылсын;
12) 13-баптың 1-тармағының 5) тармақшасындағы "атқарушы" деген сөз "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;
13) 15-бапта:
4-тармақтағы "атқарушы" деген сөз "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;
6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
"6. Тіркелген жұмыссыз азаматтар күнтізбелік он күн ішінде кемінде бір рет жергілікті уәкілетті органда, ал селолық елді мекендерде тұратын жұмыссыздар - айына бір реттен кем емес кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінде белгіленуге тиіс";
7-тармақтағы "Уәкілетті" деген сөз "Жергілікті уәкілетті" деген сөздермен ауыстырылсын;
14) 16-бапта:
1-тармақта:
"Уәкілетті" деген сөз "Жергілікті уәкілетті" деген сөздермен ауыстырылсын;
8) тармақшаның мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;
15) 18-баптың 1-тармағындағы "атқарушы орган" деген сөздер "ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы" деген сөздермен ауыстырылсын;
16) 19-бапта:
1-тармақтағы "уәкілетті" деген сөзде "жергілікті уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;
2-тармақтағы "республикалық және жергілікті бюджеттердің" деген сөздер "бюджет" деген сөзбен ауыстырылсын;
17) 20-бапта:
1-тармақта:
"орталық" деген сөзден кейін "мемлекеттік" деген сөзбен толықтырылсын; "республикалық және жергілікті бюджеттердің" деген сөздер "бюджет" деген сөзбен ауыстырылсын;
5-тармақтың бірінші абзацындағы "Жергілікті" деген сөз "Аудандардың (қалалардың) жергілікті" деген сөздермен ауыстырылсын;
7-тармақ алып тасталсын;
18) 21-бапта:
3-тармақтағы "Уәкілетті" деген сөз "Жергілікті уәкілетті" деген сөздермен ауыстырылсын;
4-тармақта:

"Уәкілетті" деген сөз "Жергілікті уәкілетті" деген сөздермен ауыстырылсын;
"атқарушы" деген сөз "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

19) 22-бапта "орталық атқарушы орган және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган мен олардың қызметтері" деген сөздер "орталық атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын.

19. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 ж. 16 шілдедегі N 242 Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 17-18, 243-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 19-баптың 5) тармақшасы "республикалық маңызы бар қаланың" деген сөздерден кейін "облыстардың әкімшілік орталықтары болып табылатын облыстық маңызы бар қалалардың" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 20-бапта:

тақырыбы мен бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті органның құзыретіне:";

1) тармақшадағы "жүргізу" деген сөз "қалыптастыруды қамтамасыз ету және іске асыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақша алып тасталсын;

8) тармақша "астананың" деген сөзден кейін "облыстардың әкімшілік орталықтары болып табылатын облыстық маңызы бар қалалардың" деген сөздермен толықтырылсын ;

14) тармақшадағы "сәулет және қала құрылысының жергілікті органдарының," деген сөздер алып тасталсын;

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"17) құрылыс салудың аумақтық ережесін әзірлеу тәртібін айқындайды;";

мынадай мазмұндағы жаңа 18) тармақшамен толықтырылсын:

"18) сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын мемлекеттік құрылыс инспекторларын аттестаттау тәртібін белгілейді.";

3) 21-баптың 3) тармақшасында "облыстық" деген сөздің алдынан "облыстардың әкімшілік орталықтары болып табылатын облыстық маңызы бар қалаларды қоспағанда " деген сөздермен толықтырылсын;

4) 24-бапта:

1-тармақта:

2) тармақшада "халық саны жүз мың тұрғынға дейінгі" деген сөздер "облыстардың әкімшілік орталықтар болып табылатын облыс орталықтарын қоспағанда" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16) тармақшалармен

толықтырылсын:

"10) елді мекендердің бекітілген бас жоспарларын (қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасын, жоспарлау жобаларын) дамыту үшін әзірленіп жатқан қала құрылысы жобаларын іске асыру;

11) құрылыстарды, үйлерді, ғимараттарды, инженерлік және көлік коммуникацияларын салу, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қалпына келтіру және күрделі жөндеу туралы, сондай-ақ аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру және көгалдандыру, аяқталмаған объектілер құрылысын тоқтатып қою, облыстық маңызы бар объектілерді кейіннен кәдеге жарату жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізу туралы шешімдер қабылдау;

12) пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) заңдарда белгіленген тәртіппен қабылдау және тіркеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

13) әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында қала құрылысын игеру кезінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңдар нормаларының;

мемлекеттік нормативтердің және белгіленген тәртіппен бекітілген сәулет, қала құрылысы, құрылыс құжаттамасы мен өзге де жобалау құжаттамасының сақталуына;

қала құрылысы тәртібінің сақталуына;

бекітілген қала құрылысы құжаттамасына сәйкес құрылыс жобаларының іске асырылуына;

құрылыс салудың аумақтық ережелерінің сақталуына;

тиісті аумақтағы құрылыстың сапасына;

сәулет-құрылыс бақылауы жүйесіне басшылыққа мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету;

14) облыстық деңгейде мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу;

15) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін лицензиялауды жүзеге асыру;

16) облыс орталықтарын қоспағанда, облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарлары жобаларының кешенді қала құрылысы сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу;";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сәулет, қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын облыстардың жергілікті атқарушы органдары құрылымдық бөлімшелерінің басшылары лауазымы бойынша облыстың бас сәулетшісі болып табылады.";

5) 25-бапта:

бірінші абзац 1-тармақ болып есептелсін;

мынадай мазмұндағы 1) тармақшамен толықтырылсын:

"1) ведомстволық бағыныстағы аумақта мемлекеттік сәулет, қала құрылысы және құрылыс саясатын жүргізу;";

7) және 13) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 17), 18), 19) тармақшалармен толықтырылсын:

"17) әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында қала құрылысын игеру кезінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңдар нормаларының;
мемлекеттік нормативтердің және белгіленген тәртіппен бекітілген сәулет, қала құрылысы, құрылыс құжаттамасы мен өзге де жобалау құжаттамасының сақталуына;
қала құрылысы тәртібінің сақталуына; бекітілген қала құрылысы құжаттамасына сәйкес құрылыс жобаларының іске асырылуына;
құрылыс салудың аумақтық ережелерінің сақталуына;
тиісті аумақтағы құрылыстың сапасына;
сәулет-құрылыс бақылауы жүйесіне басшылыққа мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету;
18) республикалық маңызы бар қалалық, астаналық деңгейде мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу;
19) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін лицензиялауды жүзеге асыру;";
мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:
"2. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы функцияларды жүзеге асыратын республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшелерінің басшылары лауазымы бойынша республикалық маңызы бар қаланың, астананың бас сәулетшісі болып табылады.";
6) 27-бап алып тасталсын;
7) 31-бапта:
1-тармақта:
1), 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:
"1) қала құрылысы және сәулет-құрылыс тәртібін сақтауды, Қазақстан Республикасының аумағындағы құрылыс сапасын бақылау саласындағы қызметті үйлестіру бөлігіндегі уәкілетті орган;
2) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары;";
мынадай мазмұндағы 6, 7, 8, 9 және 10-тармақтармен толықтырылсын:
6) Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы өндірістік және өндірістік емес мақсаттағы объектілер құрылысының сапасын бақылауды қамтиды.
Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауына:
1) сейсмикалық қауіптілігі жоғары аймақта немесе іске асыру кезінде арнаулы жобалық шешімдер мен іс-шараларды талап ететін өзге де ерекше геологиялық ( гидрогеологиялық) және геотехникалық жағдайларда салынған құрылысты қоспағанда, жеке тұрғын үйлер құрылысы;
2) жеке үй жанындағы учаскелерде немесе бау-бақша серіктестіктерінің учаскелерінде орналастырылатын уақытша құрылыстар, сондай-ақ маусымдық жұмыстар мен шалғайдағы мал шаруашылығы үшін тұрғын және (немесе) шаруашылық-тұрмыстық үй-жайлар тұрғызу;

3) қосымша жер учаскесін (аумақтың телімін) бөліп беруді талап етпейтін, тіреу конструкциялары, инженерлік жүйелер мен коммуникациялар келтіретін өзгерістерге байланысы жоқ, сәулеттік-эстетикалық, өртке қарсы, жарылысқа қарсы және санитариялық сапаны нашарлатпайтын, пайдаланылған кезде қоршаған ортаға зиянды әсер етпейтін тұрғын және тұрғындық емес үй-жайларды тұрғын ғимараттар (үйлер) етіп реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау);

4) азаматтардың жеке пайдалануына арналған техникалық жағынан күрделі емес басқа да құрылыстардың өзгерістері жатпайды.

7. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүргізген кезде:

1) құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге (құрылыстың басталуына) рұқсат беру ( рұқсат беруден негізді бас тарту) және өтпелі құрылыстар бойынша жыл сайын олардың мерзімін ұзартып отыру;

2) салынып жатқан (салынбақшы болып белгіленген) объектілердің мониторингі және Қазақстан Республикасының аумағында салынып (реконструкцияланып, кеңейтіліп, жаңғыртылып, күрделі жөндеуден өткізіліп) жатқан объектілер мен кешендердің барысына және сапасына мемлекеттік бақылау жасау;

3) заңдарда белгіленген тәртіппен құрылыс объектілерін пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссияның жұмысына қатысу;

4) жойылмайтын жолсыздықтарға жол берген не жол берілген жолсыздықтарды белгіленген нормативтік мерзімде жоймаған заңды және лауазымды тұлғаларға қатысты заңдарда белгіленген шараларды қолдану жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік нормативтерді бұзуға және (немесе) бекітілген жобалардан ( жобалық шешімдерден) ауытқуға жол берілгендігі анықталған жағдайда:

1) мемлекеттік стандарттар мен техникалық талаптарға сәйкес келмейтін құрылыс материалдарын, бұйымдарын, конструкциялары мен жабдықтарын қолдануға тыйым салу туралы;

2) жол берілген бұзушылықтарды тапсырысшының (құрылыс салушының) және ( немесе) мердігерлік құрылыс-монтаж ұйымының (кәсіпорнының) белгіленген мерзімде жоюы туралы;

3) құрылыс-монтаж жұмыстарын тоқтата тұру туралы шешім қабылдануы (нұсқама берілу) мүмкін.

9. Салынып жатқан (салынбақшы болып белгіленген) объектілерге мониторинг енгізу және құрылыстың барысы мен сапасына мемлекеттік бақылау жасау тәртібін облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы белгілейді.

10. Сәулет-құрылыс бақылауы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесінің басшысы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің Бас мемлекеттік құрылыс инспекторы болып табылады.";

8) 32-баптың 2-тармағында "жергілікті" деген сөзден кейін "атқарушы" деген сөзбен толықтырылсын; "сәулет, қала құрылысы және құрылыс жөніндегі" деген сөздер " облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 33-бап алып тасталсын;

10) 39-баптың 1-тармағында:

екінші бөлікте:

"облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдіктерінің", "мемлекеттік" деген сөздер алып тасталсын;

"жергілікті сәулет, қала құрылысы және құрылыс органы" деген сөздер "сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 40-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы "жергілікті сәулет және қала құрылысы, тұрғын үй және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық органдары,", ", сәулет-құрылыс бақылауын" деген сөздер алып тасталсын;

12) 60-баптың 2-тармағында:

бірінші абзацтағы "Жергілікті сәулет және қала құрылысы" деген сөздер " Республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшаның екінші бөлігінде "сәулет және қала құрылысы органдарымен" деген сөздер "атқарушы органдармен" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 62-бапта:

2-тармақтың 3) тармақшасында және 3-тармақта "жергілікті сәулет және қала құрылысы" және "сәулет және қала құрылысы органымен (қызметімен)" деген сөздер " облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы" және "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 63-бапта:

3-тармақтың 3) тармақшасында "жергілікті сәулет және қала құрылысы" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы сәулет және қала құрылысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта "және техникалық қадағалау" деген сөздер "байқау және тапсырыс берушілердің өз бақылауын (инженердің қызмет әрекетін, құрылыстарды техникалық қатар алып жүруін)" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 64-бапта:

2-тармақтың 1) тармақшасында және 3-тармақтың бірінші абзацында "жергілікті сәулет және қала құрылысы" және "сәулет және қала құрылысы органдарының ( қызметтерінің)" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы" және "облыстардың (республикалық маңызы бар

қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының (қызметтерінің)" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ алып тасталсын;

7-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Сараптамаға жататын, бірақ оның оң қорытындысын алмаған жобалар бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын өндіруге (құрылысты бастауға) рұқсат беруге тең құрылысты жүргізу әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады, ал осы бұзушылықтарға кінәлі тұлғаларға әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген шаралар қолданылады.";

10-тармақта "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

16) 68-бапта:

8-тармақтағы "Жергілікті сәулет және қала құрылысы" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

14-тармақ алып тасталсын;

29) 70-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. сәулет-құрылыс бақылауы, авторлық байқауы мен тапсырыс берушілердің өз бақылауы (инженердің қызмет әрекеті, құрылыстарды техникалық қатар алып жүруі);";

30) 78 және 79-баптарда "қадағалау" деген сөз "бақылау" деген сөзбен ауыстырылсын.

20. "Автомобиль жолдары туралы" 2001 ж. 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 17-18, 246-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 7-баптың 3-тармағында:

"тиісті" деген сөзден кейін "жергілікті" деген сөзбен толықтырылсын;

"аумақтық" деген сөздер "уәкілетті" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 8-баптың 4-тармағындағы "тиісті" деген сөзден кейін "жергілікті" деген сөзбен толықтырылсын;

3) 12-баптың 2-тармағының 10) тармақшасындағы "жергілікті" деген сөз "облыстық және аудандық" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 13-бапта:

мынадай мазмұндағы жаңа 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1) Жол қызметі саласындағы облыстың (республикалық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының қарауына:

1) тиісті аумақ шегінде облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, елді мекендердегі көшелерді дамыту жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңдарына сәйкес

облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын реконструкциялау, жөндеу және күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

3) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары желісін, елді мекендердің көшелерін басқару;

4) коммуналдық меншіктегі жолдарды, коммуналдық жол кәсіпорындарын басқару жатады;

5) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін уәкілетті органмен келісе отырып бекітеді;";

2-тармақта:

"облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және" деген сөздер алып тасталсын;

1) тармақшада:

"облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздер алып тасталсын;

"тиісті аумақ шегінде" деген сөздер алып тасталсын;

"елді мекендердегі" деген сөздердің алдынан "облыстық маңызы бар қалалар мен өзге де" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшадағы "облыстық және" деген сөздер алып тасталсын;

3) тармақшадағы "автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен өзара іс-әрекет жасай отырып" және "облыстық және" деген сөздер алып тасталсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) аудандардың (республикалық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жолдарды және жол кәсіпорындарын басқару;";

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін бекіту;";

5) 15-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "облыстың, аудандар мен қалалардың" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың)" деген сөздермен ауыстырылсын, "авторлық қадағалау" деген сөздер "авторлық бақылау" деген сөздермен ауыстырылсын.

21. "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" 2001 ж. 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің Жаршысы, 2001 ж., N 17-18, 247-құжат):

1) Заңның барлық мәтіні бойынша "уәкілетті" деген сөздің алдынан "жергілікті" деген сөзбен толықтырылсын;

2) 1-бапта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жергілікті уәкілетті орган - жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, атаулы әлеуметтік көмек тағайындауды жүзеге асыратын қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты, облыстық маңызы бар қаланың атқарушы органы;";

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық уәкілетті орган - халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган);";

3) мынадай мазмұндағы 1-1, 1-2 және 1-3-баптармен толықтырылсын:

"1-1-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің халықты әлеуметтік қорғау саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасы Үкіметінің халықты әлеуметтік қорғау саласындағы құзыретіне:

1) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу мен іске асыруды қамтамасыз ету;

2) атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу ережесін бекіту;

3) жалпы кірісті есептеу ережесін бекіту кіреді.

1-2-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті органның құзыретіне:

1) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруды қамтамасыз ету;

2) атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу тәртібін әзірлеу;

3) жиынтық кірісті есептеу ережесін әзірлеу кіреді.

1-3-бап. Жергілікті уәкілетті органның құзыреті

1. Жергілікті уәкілетті органның құзыретіне:

1) атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу;

2) тиісті органдардан өтініш берушінің атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға құқығын растайтын мәліметтер сұрау;

3) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықты атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің тәртібі мен шарттары туралы хабардар ету;

4) үй шаруашылығының материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссияларға тапсырмалар жіберу кіреді.";

3) 2-баптың 1-тармағының екінші бөлігінде "жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарда" деген сөздер "жергілікті уәкілетті органда" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 3-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

5) 4-бапта:

1-тармақта:

"арналған тиісті бюджетте көзделген сома" деген сөздер "көзделген бюджет

қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;
2-тармақ алып тасталсын;
3-тармақтағы және 4-тармақтағы "және кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімдерінен", "және учаскелік комиссиялардың қорытындыларымен" және "және кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі" деген сөздер алып тасталсын;
5-тармақ "жағдайда" деген сөзден кейін "өтініш берушіден және (немесе)" деген сөздермен толықтырылсын;
7-тармақта "мен алушы" деген сөздер алып тасталсын;
6) 5-бапта:
1-тармақ алып тасталсын;
2-тармақтағы "уәкілетті" деген сөз "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын;
4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
"4. Учаскелік комиссиялар жергілікті уәкілетті органның тапсырмасы бойынша адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізеді, қорытындылар әзірлейді, оларға қол қойып, жергілікті уәкілетті органға табыс етеді.
Учаскелік комиссиялар жергілікті уәкілетті органның тапсырмасы бойынша табыс етілген құжаттарды іріктеп қайта тексеруі мүмкін.";
7) 6-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі "орталық атқарушы орган" деген сөздер "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;
8) 7-бапта:
2-тармақтағы ", ал селолық жерлерде - кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімін" деген сөздер алып тасталсын;
4-тармақ алып тасталсын.
22. "Атмосфералық ауаны қорғау туралы" 2002 ж. 11 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 5, 54-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):
1) 7-бапта:
2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
"2) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының атмосфералық ауаны қорғау мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру;
16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
"16) атмосфералық ауаны ластағаны үшін төлемнің базалық ставкасын бекіту;";
2) 8-бапта:
1-тармақтың 1-1) тармақшасында "айқындаған есептік" деген сөздер "бекіткен базалық" деген сөздермен ауыстырылсын;
2-тармақта:
1) тармақшадағы ", сондай-ақ шығарындылардың аумақтық лимиттерін сақтау"

деген сөздер алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 4), 5), 6), 7), 8) тармақшалармен толықтырылсын:
"4) экологиялық ақпаратқа жол ашып береді және атмосфералық ауаның жай-күйі, оның ластануы және атмосфералық ауа сапасын жақсарту бағдарламалары мен тиісті іс-шаралардың орындалуы туралы халыққа хабарлап отырады;
5) атмосфералық ауаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады ;
6) көлік құралдары немесе өзге де жылжымалы құралдарды пайдалану кезінде атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттар шығарындыларын азайту жөніндегі шараларды жүзеге асырады;
7) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдарымен, уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен және азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша атмосфералық ауаны ластайтын өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыратын жер бөледі;
8) желдің бағытын ескеріп қала құрылысында және қолайсыз метеорологиялық жағдайлар кезеңдерінде атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттардың шығарылуын айқындап, реттеп отырады;";
3) 22-баптың 2-тармағындағы "оның аумақтық бөлімшелері және" деген сөздер алып тасталсын;
4) 24-бапта:
1-тармақтағы "және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздер алып тасталсын;
2-тармақтағы "және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздер алып тасталсын;
5) 25-баптың бірінші абзацындағы "және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздер алып тасталсын ;
6) 26-баптың 3-тармағындағы "және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздер алып тасталсын;
7) 27-баптың 12) тармақшасындағы "және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздер алып тасталсын .

23. "Бал ара шаруашылығы туралы" 2002 ж. 12 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж. , N 5, 55-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):
1) 1-баптың 8) тармақшасындағы "асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы" деген сөздермен ауыстырылсын;
2) 14-баптың 3), 5), 6) және 7) тармақшалары алып тасталсын;

3) мынадай мазмұндағы 14-1-баппен толықтырылсын:

"14-1-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:

1) тиісті аумақта бал ара шаруашылығын дамыту мен қорғауды бақылауды;

2) селекциялық - асыл тұқымды жұмысты үйлестіруді және асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңнамасына сәйкес бал ара шаруашылығындағы асыл тұқымды істерді мемлекеттің қолдауын ұйымдастыруды жүзеге асырады;

3) бал ара шаруашылығы саласындағы мамандарды даярлау мен қайта даярлау жөніндегі қызметті үйлестіруді жүзеге асырады.".

24. "Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 ж. 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 13-14, 140-құжат; 2004 ж., N 17, 98-құжат; N 23, 142-құжат):

1) 6-бапта:

1-тармақта:

10), 13), 19) және 20) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 22), 23), 24) тармақшалармен толықтырылсын:

"22) пестицидтердің (улы химикаттардың) түрлері бойынша запастың нормативін және оларды пайдалану тәртібін белгілеу;

23) пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру тәртібін уәкілетті орган мемлекеттік экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органдарымен келісе отырып айқындау;

24) өсімдіктерді қорғау саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуді ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды, фитосанитариялық іс-шараларды жүзеге асырудың тәртібі мен тәсілдерін регламенттейтін зерттеулер нәтижесінде әзірленген әдістерді, әдістемелерді, ұсыныстарды бекіту.";

2-тармақ "оларға" деген сөзден кейін "өзінің құзыреті шегінде" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының өсімдіктерді қорғау саласындағы құзыреті

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының құзыретіне:

1) мемлекеттік экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органдарымен келісе отырып, пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

2) халық арасында өсімдіктерді қорғау саласында түсіндіру жұмысын ұйымдастыру мен жүргізу, сондай-ақ зиянды организмдер бойынша фитосанитариялық мониторинг жүргізу жөнінде жеке және заңды тұлғаларға әдістемелік көмек көрсету;

3) мүдделі адамдарға өсімдіктерді қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілер және фитосанитариялық іс-шаралар туралы ақпарат табыс етуді ұйымдастыру мен қамтамасыз ету;

4) арнаулы сақтау орындарын (көміндiлердi) салу, тиiстi жағдайда ұстау;

5) пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), өткізу және қолдану жөніндегі қызметті лицензиялау кіреді.";

3) 16-баптың 4-тармағы, 18-баптың 1-тармағы және 19-бап алып тасталсын.

25. "Ветеринария туралы" 2002 ж. 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 16, 148-құжат):

1) 8-баптың 5), 12) және 15) тармақшалары алып тасталсын;

2) 10-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) өкілді және жергілікті атқарушы органдарының құзыреті";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының құзыретіне:

1) денсаулық сақтау органдарымен бірлесе отырып, халықтың денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауды ұйымдастыру және өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыру;

2) жануарлардың жұқпалы аурулары туындаған жағдайда тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының ұсынуы бойынша карантин режимін және шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы шешім қабылдау;

3) ветеринариялық іс-шаралар кешенін жүргізген жағдайда, тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының ұсынуы бойынша шектеу іс-шараларын немесе карантинді тоқтату туралы шешім қабылдау кіреді.";

2-тармақта:

2) тармақша алып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) аса қауіпті аурулармен ауыратын жануарлар ауруының профилактикасы, диагностикасы және оларды емдеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру мен қамтамасыз ету, сонымен қатар мал көміндiлерiн (биотермиялық шұңқырлар) салуды ұйымдастыру және ветеринариялық нормативтерге сәйкес оларды күтіп ұстауды қамтамасыз ету";

мынадай мазмұндағы 4), 5), 6), 7), 8) тармақшалармен толықтырылсын:

"4) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ветеринариялық препараттарды мемлекеттік сатып алуды, сақтауды, тасымалдауды (жеткізуді) және пайдалануды ұйымдастыру;

5) жүргізіліп жатқан ветеринариялық іс-шаралар, белгіленген ветеринариялық ережелер мен нормативтер, Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілері туралы мүдделі тұлғаларға ақпарат беруді қамтамасыз ету және ұйымдастыру;

6) халықтың арасында ветеринариялық ағарту жұмысын ұйымдастыру әрі жүргізу;

7) жануарлардың және адамның денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қою және жою немесе залалсыздандыру (зарарсыздандыру) алып қоюсыз өңдеу;

8) алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың иелеріне олардың құнын өтеу;

9) аудан аумағында жануарлардың жұқпалы аурулары пайда болғанда тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринарлық инспекторының ұсынысы бойынша карантиндік режим және шектейтін іс-шаралар енгізумен карантинді аймақтың ветеринарлық режимін белгілеу туралы шешім қабылдау;

10) аудан аумағында жануарлардың жұқпалы ауруларын жою жөніндегі кешенді ветеринарлық іс-шаралар өткізгеннен кейін тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринарлық инспекторының ұсынысы бойынша шектейтін іс-шараларды немесе карантинді алып тастау туралы шешім қабылдау;";

3) 27-бап алып тасталсын.

26. "Тұқым шаруашылығы туралы" 2003 ж. 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 3, 16-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 1-бапта:

18) тармақшадағы "уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) тармақшасындағы "тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 6-баптың 1-тармағында:

7) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 26), 27) тармақшалармен толықтырылсын:

"26) жергілікті атқарушы органдардан ауыл шаруашылық өсімдіктерінің ауыл шаруашылығы саласындағы қажетті ақпарат сұратады;

27) республика бойынша тұқымдар балансын жасайды.";

3) мынадай мазмұндағы жаңа 6-1-баппен толықтырылсын:

"6-1-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органға тұқым шаруашылығы жөніндегі жұмыстар жүргізуде жәрдем етеді;

2) жергілікті өкілді органдарға тиісті тұқым шаруашылығын дамыту бағдарламаларын әзірлейді және оларды бекітуге береді, сондай-ақ олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

3) уәкілетті органға элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының элиталық тұқымдарды өндіру мен сату көлемі жөнінде ұсыныстарды қарауға енгізеді;

4) бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдар өндірушілерді (тұқым өсіру шаруашылығын) аттестациялауды жүргізеді;

5) жаппай өсіріп-өндіру тұқым өсіру шаруашылығы арасындағы бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдар өндірісі мен сату квотасын бөледі;

6) облыстар бойынша тұқымдар балансын жасайды;

7) ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға ауыл шаруашылық дақылдарының тұқым шаруашылығы саласындағы қажетті ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етеді;

8) өз құзыреті шегінде ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің тұқымдардың сақтық және ауыспалы қорларын қалыптастыруына жәрдем етеді;

9) тұқым шаруашылығы саласында субсидиялау бағдарламаларын іске асырады.";

4) 8-баптың 2-тармағының 6) тармақшасындағы "уәкілетті мемлекеттік органға" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органына" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 10-баптың 2-тармағының бірінші сөйлемі алып тасталсын;

6) 11-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары;".

27. "Почта туралы" 2003 ж. 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 3, 17-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

8-баптың 5) және 6) тармақшалары алып тасталсын.

28. "Су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі туралы" 2003 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 6, 35-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) жергілікті уәкілетті орган - тиісті аумақтың су пайдалану саласында реттеуді жүзеге асыратын атқарушы органы.";

2) 5-баптың 2-тармағында:

"Уәкілетті орган мен жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Уәкілетті органның" деген сөздер "Мемлекеттік органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 7-баптың 1) тармақшасындағы "уәкілетті" деген сөздің алдынан "жергілікті" деген сөзбен толықтырылсын;

12-баптың 4-тармақшасындағы "уәкілетті" деген сөздің алдынан "жергілікті" деген сөзбен толықтырылсын.

29. "Йод тапшылығы ауруларының алдын алу туралы" 2003 жылғы 14 қазандағы N 489 Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 19-20, 149-құжат):

1) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Йод тапшылығы ауруларының алдын алу саласындағы мемлекеттік бақылау

Йод тапшылығы ауруларының алдын алу саласындағы мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган және облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.";

2) 8-бапта:

"Жергілікті өкілді органдар", "Жергілікті атқарушы органдар", "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары", "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

2-тармақта:

"қамтамасыз етуге жәрдемдеседі" деген сөздер "қамтамасыз етуді ұйымдастырады" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) йодталған тұздың және йод қосындыларымен байытылған басқа да тамақ өнімдерінің сынамаларын нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес іріктеуді жүзеге асырады.".

30. "Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 ж. 31 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 24, 179-құжат):

5-баптың 1-тармағындағы "уәкілетті органға" деген сөздер "облыстық (

республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органға" деген сөздермен ауыстырылсын.

31. "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" 2004 ж. 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 5, 26-құжат):

1) мәтіндегі "жергілікті атқарушы орган", "жергілікті атқарушы органның" деген сөздер "ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органы", "ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 5-баптың 2) және 3) тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган:

1) өсімдік шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырады;

2) өсімдік шаруашылығы саласындағы мемлекеттік және өзге де бағдарламаларды әзірлейді және іске асыруға қатысады;

3) Қазақстан Республикасының өсімдік шаруашылығы саласындағы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

4) өсімдік шаруашылығын дамыту үшін құқықтық және экономикалық жағдайларды жетілдіреді;

5) республикадағы және шетелдердегі өсімдік шаруашылығы саласындағы жай-күйі ахуалын зерделейді;

6) агенттің қызметін, оның өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

7) сақтандырушылардың міндетті сақтандыру шарттарын жасасудан жалтаруы туралы істерін қарайды;

8) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды және әкімшілік жазаға тартады.

3. Ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органы:

1) шаруашылық жүргізуші субъектілерді міндетті сақтандыруды ұйымдастырады;

2) сақтандыру рыногына қатысушылар мен агенттен олардың бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сұратады және алады.".

32. "Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 ж. 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж. , N 6, 44-құжат):

1) мәтіндегі "жергілікті атқарушы органдардың", "жергілікті атқарушы органдар", " жергілікті атқарушы органдармен", "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер " республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының", "республикалық маңызы бар қаланың , астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары", "республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың, облыстық

маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарымен", "республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 8-баптың 4) тармақшасы "көрмелер" деген сөздің алдынан "жергілікті" деген сөзбен толықтырылсын;

3) 28-баптың 1-тармағындағы "орталық атқарушы органдардың, олардың құрылымдық бөлімшелерінің" деген сөздер "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 33-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"33-бап. Сауда қызметін жүзеге асыруды бақылау

Қазақстан Республикасының аумағында сауда қызметінің жүзеге асырылуын бақылауды республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органы жүргізеді.".

**2-бап.** Осы Заң 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағын, 9-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларын қоспағанда, 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК